

Мәдениет саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 83 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 140 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 140 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабына және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтарындағы Заңының 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Фильмге прокаттау куәлігін беру»;
- 2) «Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру»;
- 3) «Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу»;
- 4) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.10.08 № 1268 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.08 № 1268 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2012 N 1614 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.10.08 № 1268 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі)

Қаулысымен.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2012 жылғы	17	қаңтардағы
№ 83		қаулысымен
бекітілген		

«Фильмге прокаттау куәлігін беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.10.08 № 1268 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) көрсетеді, сондай-ақ ол мемлекеттік қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы: www.e.gov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 7-бабы 32) тармақшасының және 28-2-бабының, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының және «Фильмге прокаттау куәлігін беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 1391 қаулысының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

- 1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) www.mki.gov.kz интернет-ресурсында;
- 2) уәкілетті органда орналасқан стенділерде;
- 3) порталда орналастырылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты «электрондық үкіметі» call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызметінің 1414 телефоны арқылы алуға болады.

5. Уәкілетті органның уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат

нысанында фильмге прокаттау куәлігін (бұдан әрі – прокаттау куәлігі) беру не электрондық құжат нысанында прокаттау куәлігін беруден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі болып табылады.

Егер уәкілетті орган белгіленген мерзімде прокаттау куәлігін бермеген немесе прокаттау куәлігін беруден дәлелдеп бас тартпаған жағдайда оларды беру мерзімі өткен күннен бастап прокаттау куәлігі берілді деп есептеледі.

Уәкілетті орган прокаттау куәлігін беру мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті прокаттау куәлігін береді.

Мемлекеттік қызметті алушы прокаттау куәлігін қағаз тасығышта алуға өтініш білдірген жағдайда, прокаттау куәлігі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және уәкілетті орган басшысының мөрімен және қолымен р а с т а л а д ы .

Қағаз тасығышта берілген прокаттау куәлігі жоғалған немесе бүлінген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушының жазбаша сұранысы бойынша прокаттау куәлігі осы стандарттың 7-тармағында көрсетілген мерзімде қайта б е р і л е д і .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.12.2012 N 1614 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) фестивальдарда, семинарларда, ретроспективада және басқа да іс-шараларда көрсету үшін әкелінетін (жеткізілген) және де бұрынғы КСРО-ның кинематографиялық ұйымдары шығарған фильмдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасында шығарылған, сондай-ақ прокаттау куәлігін алу мақсатында Қазақстан Республикасына прокаттау және көпшілікке көрсету (демонстрациялау) үшін әкелінген (жеткізілген) фильмдерге көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттармен қоса уәкілетті органға өтінім не портал арқылы электрондық сұрауды тапсырылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде;

2) қажетті құжаттарды не электрондық сұрауды тапсыру кезінде кезек күтудің жол берілетін ең ұзақ уақыты – 30 минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызметті уәкілетті орган жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін көрсетеді, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету уәкілетті орган ғимаратында жүзеге асырылады. Ғимарат режимі: ғимаратқа кіру кіретін жеке есігі бар рұқсаттама бюросы беретін біржолғы рұқсат қағазы бойынша жүзеге асырылады. Біржолғы рұқсат қағазы тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін тұлғаның телефонмен берген өтінімі бойынша ресімделеді.

Құқықтық тәртіпті сақтау үшін ғимаратта тәуліктік күзет бекеті, өртке қарсы сигнализация және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Кіреберіс есігі дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған пандустармен жабдықталған.

Порталға жүгінген уақытта мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметті алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (не сенімхат бойынша өкілі) мынадай құжаттарды ұсынады:

1) уәкілетті органға:
осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес уәкілетті орган басшысының атына өтініш;

мемлекеттік қызметті алушының фильмге немесе оны пайдалануға құқығын растайтын құжаттар (авторлық шарттардың және (немесе) лицензиялық келісімдердің көшірмелері); шет тіліндегі құжаттарға қазақ және (немесе) орыс тілдерінде нотариат куәландырған көшірмесі қоса беріледі;

фильмге көрермендердің жас шегін анықтау үшін қолда бар барлық көріністердің суреттемесімен бірге, фильм туралы ақпаратты қамтитын фильмнің аннотациясы;

отандық немесе бірлесіп түсірілген фильмдерде пайдаланылатын әдебиет және өнер туындылары туралы мәліметтер.

2) порталға:
мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрауы.

Сұрауда мынадай құжаттардың деректері көрсетіледі:
мемлекеттік қызметті алушының фильмге немесе оны пайдалануға құқығын растайтын құжаттар (авторлық шарттардың және (немесе) лицензиялық келісімдердің көшірмелері); шет тіліндегі құжаттарға қазақ және (немесе) орыс тілдерінде нотариат куәландырған көшірмесі – электрондық сұрауға сканерлеген көшірмелер нысанында тіркеледі;

фильмге көрермендердің жас шегін анықтау үшін қолда бар барлық көріністердің суреттемесімен бірге, фильм туралы ақпаратты қамтитын фильмнің

аннотациясы – электрондық сұрауға сканерлеген көшірмелер нысанында
т і р к е л е д і ;

отандық немесе бірлесіп түсірілген фильмдерде пайдаланылатын әдебиет және өнер туындылары туралы мәліметтер – электрондық сұрауға сканерлеген көшірмелер нысанында тіркеледі.

Мемлекеттік электронды ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді, уәкілетті орган ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

12. Өтініштің үлгісі порталда, сондай-ақ Министрліктің www.mki.gov.kz интернет-ресурсында («Мемлекеттік қызмет» бөлімінің «Прокаттау куәлігі» кіші бөлімі) орналастырылған.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжат нысанында сұрау толтырылады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар пошта арқылы уәкілетті орган кеңсесіне жолданады не мына мекенжай бойынша тапсырылады: 010000, Астана қаласы, Орынбор к., № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс
5 2 7 - к а б и н е т .

Порталға жүгінген уақытта электрондық сұрауды қабылдау мемлекеттік қызметті алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алушыға (не сенімхат бойынша өкіліне) талонды беру осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады, онда күні мен уақыты, уәкілетті орган кеңсесінің құжатты қабылдаған қызметкерінің тегі, аты-жөні көрсетіледі.

Порталға жүгінген уақытта мемлекеттік қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызметті алудың күні мен уақыты көрсетілген сұраудың қабылданғаны жөнінде хабарлама-есеп жіберіледі.

Уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар жетіспеген жағдайда, бұл жөнінде мемлекеттік қызметті алушы қажетті құжаттармен қоса уәкілетті органға өтінім не портал арқылы электрондық сұрауды тапсырған екі жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

15. Прокаттау куәлігі электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне жолданады.

1 6 . М ы н а д а й :

1) мемлекеттік қызметті алушының дәйексіз немесе бұрмаланған ақпарат беруі ;

2) мемлекеттік қызметті алушының осы стандарттың 11-тармағының талаптарына сай келмейтін құжаттарды табыс етуі;

3) фильмнің мазмұны республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді,

ұлттық араздықты тудыруды насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталуы;

4) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабында көзделген негіздер мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

Дәлелді бас тарту электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне қажетті құжаттармен қоса уәкілетті органға өтінім не портал арқылы электрондық сұрауды тапсырған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде беріледі.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның қызметі мемлекеттік қызметті алушыға қатысты мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқықтарын және бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік борышын атқару кезінде заңдылықты сақтау;
- 3) мемлекеттік қызметті алушымен жұмыс барысында сыпайылық таныту;
- 4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет жөнінде толыққанды ақпарат беру;
- 5) өтініштерді қарау кезінде уәкілетті тұлға қызметінің ашықтығы;
- 6) мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті органның уәкілетті адамының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін мына: Астана қаласы, Орынбор к., № 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 527-кабинет мекенжайы бойынша, сондай-ақ (7172) 74-05-68 телефоны арқылы түсіндіреді және шағымды дайындауға жәрдем көрсетеді.

Сонымен қатар, шағымдану тәртібі жөніндегі ақпаратты «электрондық үкімет» call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызметінің 1414 телефоны арқылы

а л у ғ а

б о л а д ы .

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не қолма-қол уәкілетті орган басшылығының атына осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін беріледі, түскі үзіліс сағат 13.00 - ден 14.30 - ға дейін .

22. Дәрекі қызмет көрсетуге жасалған шағым жұмыс күндері жазбаша нысанда пошта арқылы не қолма-қол уәкілетті органның кеңсесі арқылы осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін жіберіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар .

24. Уәкілетті орган қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым прокаттау куәлігін беру туралы өтініштің көшірмесін қоса бере отырып, еркін нысанда ресімделеді. Мемлекеттік қызметті алушы өз шағымында міндетті түрде мыналарды көрсетеді:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) жауап жіберілетін пошталық мекенжайы;
- 3) шағымның мәнін баяндау;
- 4) жеке қолы және күні.

25. Шағымды уәкілетті органның кеңсесі осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжайда тіркейді.

Шағым берген тұлғаға өтініштің қабылданған күні мен уақытын, оны қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып, талон беріледі.

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған тұлғадан не осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген телефондар арқылы алуға болады.

Шағымды қарау нәтижесі мемлекеттік қызметті алушының (не сенімхат бойынша өкілінің) өтініші бойынша пошта арқылы не қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген уақытта электрондық шағым жолданғаннан кейін мемлекеттік қызметті алушының жеке кабинетінде шағым жөнінде ақпарат қол жетімді және ол ақпарат уәкілетті органда өтінішті өңдеу барысы (қабылдау, тіркеу, орындау белгілері, қарау немесе қараудан бас тарту жөнінде жауап) өзгерген сайын жаңартылып отырады.

Уәкілетті орган қызметкерлерінің заңсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 8-бабында көзделген мерзімде қаралады .

26. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты
Министрліктің www.mki.gov.kz интернет-ресурсынан алуға болады.

«Фильмге прокаттау куәлігін беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

(фильмге прокаттау куәлігін
беретін органның толық атауы, орган
басшысының Т.А.Ә.)

(заңды тұлғаның толық атауы,
заңды тұлға басшысының Т.А.Ә.
немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә.)

Өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.04.2013 № 387 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сізден фильмге прокаттау куәлігін беруді сұраймын:
Фильмнің атауы: _____
Фильм қоюға негіз болған әдеби туындының атауы және авторы: _____

Фильмді шығарған ел: _____

Фильмді шығарушы-студия: _____

Фильмнің шыққан жылы: _____

Фильмнің форматы: _____

Фильмнің хронометражы: _____

Сценарий авторы: _____

Қоюшы-режиссер: _____

Қоюшы-оператор: _____

Қоюшы-суретші: _____

Музыкалық шығарманың авторы: _____

Фильм серияларының саны: _____

Фильмнің жанры: _____

Фильмнің тілі, фильмді дубляждау тілдері (олар бар болса):

Шығарушы ел берген көрермендердің жас шегі бойынша ақпарат:

Өтініш берушінің деректемелері: _____
(заңды мекенжайы, пошта индексі, электрондық пошта, телефондар, факс,
заңды тұлға үшін – бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлға үшін жеке
сәйкестендіру нөмірі)

Өтініш берілген күн: _____

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____
(қолы)

М.О.

«Фильмге прокаттау куәлігін
беру» мемлекеттік
қызмет стандартына
2-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжаттар тапсырылған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % -ы (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет көрсету сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 7

қ а ң т а р д а ғ ы

№

8 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.12.2012 N 1614 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті мекенжайлары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының мәдениет басқармалары (бұдан әрі – мәдениет басқармасы) көрсетеді, сондай-ақ мемлекеттік қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы: www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 22) тармақшасының, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабының және «Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 мамырдағы № 440 қаулысының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстарында;

2) ресми ақпарат көздерінде, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының ғимаратында орналасқан стенділерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда;

3) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат «электрондық үкіметі» call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызметінің (1414) телефоны арқылы да берілуі мүмкін.

5. Мәдениет басқармасының уәкілетті тұлғасының порталында ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік (бұдан әрі – куәлік) беру не электрондық құжат нысанында куәлік беруден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі болып табылады.

Егер мәдениет басқармасы белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті алушыға куәлік бермеген немесе куәлік беруден дәлелді бас тартпаған жағдайда, оларды беру мерзімі өткен күнінен бастап куәлік берілді деп есептеледі.

Мәдениет басқармасы куәлік беру мерзімі өткен сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті куәлікті береді.

Мемлекеттік қызметті алушы куәлікті қағаз тасығышта алуға өтініш білдірген жағдайда, куәлік электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және мәдениет басқармасы басшысының қолымен және мөрімен расталады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды мәдениет басқармасына өтінім тапсырылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде ;

2) қажетті құжаттармен қоса мәдениет басқармасына өтінім не электрондық сұрауды тапсыру кезінде кезек күтудің жол берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды ;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең ұзақ уақыты – 10 минуттан аспайды ;

4) осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды портал арқылы электрондық сұрауды тапсырған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызметті мәдениет басқармасы жұмыс күндері осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес жұмыс кестесі бойынша көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәдениет басқармасының ғимаратында жүзеге асырылады. Үй-жай режимі: ғимаратқа кіру кіретін бөлек есігі бар рұқсаттама бюросы беретін біржолғы рұқсат қағазы бойынша жүзеге асырылады. Біржолғы рұқсат қағазы тікелей қызмет көрсететін лауазымды тұлғаның телефонмен берген өтінімі бойынша ресімделеді.

Құқықтық тәртіпті сақтау үшін ғимаратта тәуліктік күзет бекеті, өртке қарсы дабыл және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Подъездге кіреберіс дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған пандустармен жарақтандырылған.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметті алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (не сенімхат бойынша өкілі) мынадай құжаттар және мәдени құндылықтар ретінде қаралатын заттарды ұсынады:

1) мәдениет басқармасына: осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш; мәдени құндылықтарға меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

қабылдаушы тараптың мәдени құндылықтардың болу мақсаттары мен талаптары туралы шарттың көшірмесі;

мәдени құндылықтардың А-5 форматындағы алдыңғы және артқы жақтары шолынған екі фотосуреті;

заңды тұлғалар үшін – уақытша әкету кезеңіне мәдени құндылықтардың сақталуы үшін белгілі бір тұлғаға жауапкершілік жүктеу туралы ұйым басшысының бұйрығы;

сараптауға жататын мәдени құндылықтар ретінде қаралатын заттар.

Мәдениет басқармасына сараптамаға ұсынылған зат(тар) қабылдау және өткізу журналына тіркеледі.

2) порталға: мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Сұрау салуда мынадай құжаттардың деректері көрсетіледі: мәдени құндылықтарға меншік құқығын растайтын сканерленген көшірмелер түріндегі құжаттары;

қабылдаушы тараптың мәдени құндылықтардың болу мақсаттары мен талаптары туралы сканерленген көшірме түріндегі шарты;

электрондық форматтағы мәдени құндылықтардың А-5 форматындағы алдыңғы және артқы жақтары шолынған екі фотосуреті;

заңды тұлғалар үшін – мәдени құндылықтардың сақталуы үшін белгілі бір тұлғаға жауапкершілік жүктеу туралы ұйым басшысы бұйрығының сканерленген түріндегі көшірмесі.

Өтініш беруші сараптауға жататын мәдени құндылықтар ретінде қаралатын заттарды мәдениет басқармасына қолма-қол ұсынады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді мәдениет басқармасы ЭЦҚ қойылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат порталда, сондай-ақ осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген облыстардың, Астана және

Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстарында орналастырылған.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар мен мәдени құндылықтар ретінде қаралатын заттар мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мәдениет басқармасының кеңсесіне тапсырылады.

Порталда электрондық сұрау салу мемлекеттік қызметті алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады. Таңдалған қызметке сәйкес сұрау салу автоматты түрде мәдениет басқармасына – адресатқа жіберіледі.

14. Мемлекеттік қызметті алушыға (не сенімхат бойынша өкіліне) талонды беру осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың және заттардың қабылданғанын растау болып табылады, онда күні мен уақыты, мәдениет басқармасы кеңсесінің құжаттар мен заттарды қабылдаған қызметкерінің тегі, а т ы - ж ө н і к ө р с е т і л е д і .

Мәдениет басқармасы мәдени құндылықтар ретінде қаралатын заттарды сараптау комиссиясының қарауына жібереді. Сараптаманың қорытындылары бойынша осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды р е с і м д е л е д і .

Портал арқылы жүгінген уақытта мемлекеттік қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне мемлекеттік қызметтің нәтижелерін мемлекеттік қызметті алушының алатын күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті ұсыну үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп ж і б е р і л е д і .

15. Куәлік электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне жолданады. Жеке келгенде дайын құжаттарды алушыға беру талон негізінде қолма-қол жүзеге асырылады.

Сараптамаға ұсынылған зат(тар) өтініш берушіге қабылдау және беру журналына белгі қойылып, қайтарылады.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға:

1) мәдени құндылықтарды қалпына келтіру мақсатында уақытша әкету жағдайларын қоспағанда, әкетілетін мәдени құндылықтардың қанағаттанарлықсыз физикалық жай-күйі;

2) мәдени құндылықтардың халықаралық және (немесе) мемлекеттік іздеуде б о л у ы ;

3) мәдени құндылықтарды уақытша әкету мақсатының мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру қағидаларының 3-тармағымен сәйкес келмеуі;

4) затта мәдени құндылықтың болмауы туралы қорытынды негіз болып т а б ы л а д ы .

Дәлелді бас тарту электрондық құжат түрінде мемлекеттік қызметті алушыға

қамтамасыз ету қызметі арқылы жазбаша түрде поштамен не қолма-қол беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

24. Шағым еркін нысанда мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беруге мәдениет басқармасының құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінің белгісі бар өтініштің көшірмесімен қоса беріледі. Мемлекеттік қызметті алушы өз шағымында міндетті түрде мыналарды көрсетеді:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) жауап жіберілуге тиіс пошталық мекенжайы;
- 3) шағымның мәнін баяндау;
- 4) жеке қолы және күні.

25. Шағымды мәдениет басқармасының не жергілікті атқарушы органның құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі тіркейді.

Шағым берген тұлғаға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты осы стандарттың 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген телефондар арқылы алуға болады. Шағымды қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Шағымды қарау нәтижесі мемлекеттік қызметті алушының (не сенімхат бойынша өкілінің) өтініші бойынша пошта арқылы не қолма-қол беріледі.

Мәдениет басқармасы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көзделген мерзімде қаралады.

Портал арқылы жүгінген кезде электрондық шағым жіберілгеннен кейін мемлекеттік қызметті алушының жеке кабинетінде шағым туралы ақпарат қол жетімді, ол ақпарат мәдениет басқармасында өтінішті өңдеу барысында (қабылдау, тіркеу, орындау туралы белгілері, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

26. Ұсынылатын мемлекеттік қызмет көрсету туралы қосымша ақпаратты жергілікті атқарушы органдардың осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген интернет-ресурстарынан алуға болады.

«Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары мәдениет басқармаларының мекенжайлары мен кестелері

Р/с №	Атауы	Мекенжайы	Телефон нөмірі	Электронды поштаның мекенжайы	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5	6
1.	Астана қаласының мәдениет басқармасы	Астана қ., Бейбітшілік көш., 11, 751-бөлме	8(7172) 55-67-69, 55-67-64	dep_culture@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
2.	Алматы қаласының мәдениет басқармасы	Алматы қ., Республика алаңы, 4, 423-бөлме	8 (727) 272-58-83, 271-65-63, 272-02-72, 272-10-01	culture_alm_aty@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
3.	Алматы облысының мәдениет басқармасы	Талдықорған қ., Тәуелсіздік көш., 38, 3-бөлме	8(7282) 27-16-19, 27-14-49, 27-15-97, 24-77-22	kulture-tald@mail.online.kz	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
4.	Ақмола облысының мәдениет басқармасы	Көкшетау қ., Сәтпаев көш., 1, 102-бөлме	8(7162) 25-76-60, 25-81-73, 25-81-60, 25-81-72	Kultura-kokshetau@yandex.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
5.	Ақтөбе облысының мәдениет басқармасы	Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан даңғ., 40, 658-бөлме	8 (7132) 59-52-05, 56-03-12, 59-51-52, 56-47-58	aktobe_kulture@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
6.	Атырау облысының мәдениет басқармасы	Атырау қ., Азаттық даңғ., 9, 3-бөлме	8 (7122) 35-41-89, 35-42-84, 27-11-57, 32-41-37	ouk_atyrau@rambler.ru	Жұмыс күндері: сағат 8.30-ден 18.30-ға дейін, үзіліс сағат 12.30-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
7.	Шығыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы	Өскемен қ., Головкин көш., 29, 302-бөлме	8 (7232) 26-28-30, 26-37-12, 26-30-63, 24-92-03	culturevko@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
	Батыс Қазақстан облысының	Орал қ., Достық-Дружба	8(7112)		Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, үзіліс

8.	мәдениет басқармасы	даңғылы, 166/1, 7-бөлме	51-55-54, 50-09-46, 51-25-35, 50-45-89, 51-07-37	kultzko@mail.ru	сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
9.	Жамбыл облысының мәдениет басқармасы	Тараз қ., Төле би даңғылы 35, 519-бөлме	8 (7262) 57-92-46, 57-92-25, 57-92-80	tarazkultura@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
10.	Қарағанды облысының мәдениет басқармасы	Қарағанды қ., Можайский көш., 13а	8(7212) 41-14-81, 41-14-68, 42-30-08	karkultura@yandex.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
11.	Қызылорда облысының мәдениет басқармасы	Қызылорда қ., Абай даңғылы, 27	8(7242) 23-93-54 23-46-81	info@uk.orda.gov.kz	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
12.	Қостанай облысының мәдениет басқармасы	Қостанай қ., Әл-Фараби көш., 60	8(7142) 57-51-90, 57-53-53, 57-53-20, 57-53-21	kultura@kostanay.kz kultura_kostanay@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
13.	Маңғыстау облысының мәдениет басқармасы	Ақтау қ., 23-шағын ауданы, 1	8(7292) 42-66-10, 42-13-00, 42-77-62, 42-77-60	mook_od@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, үзіліс сағат 12.30-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
14.	Павлодар облысының мәдениет басқармасы	Павлодар қ., Академик Марғұлан көш., 115, 2-бөлме	8(7182) 32-03-29, 32-22-37, 32-37-77	Dep_culture@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
15.	Солтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы	Петропавл қ., Кәрім Сүтүшев көш., 7	8(7152) 46-43-92, 49-26-79, 49-27-55	kultsko@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі
16.	Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы	Шымкент қ., Тәуке хан даңғ., 2-а, 2-бөлме	8 (7252) 53-93-49, 53-91-81, 53-94-62, 55-10-88	oko_madeniet@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі

«Мәдени қүндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандартына 2-қосымша

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының мекенжайлары

P/c №	Атауы	Мекенжайы	Телефон нөмірі	Интернет-ресурстар
1	2	3	4	5
1.	Астана қаласының әкімдігі	Астана қ., Бейбітшілік көш., 11	8(7172) 55-64-06 55-64-82, 55-64-81, 55-64-85	www.astana.kz
2.	Алматы қаласының әкімдігі	Алматы қ., Республика алаңы, 4	8(7272) 71-66-47 ф.716647	www.almaty.kz
3.	Алматы облысының әкімдігі	Талдықорған қ., Тәуелсіздік көш., 38	8 (7282) 24-77-22 ф.247722	www.zhetysu-gov.kz
4.	Ақмола облысының әкімдігі	Көкшетау қ., Абай көш., 89	8(7162) 25-48-37 25-02-59	www.akmo.kz
5.	Ақтөбе облысының әкімдігі	Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан көш., 40	8(7132) 93-20-79 56-31-66	www.akimat.info
6.	Атырау облысының әкімдігі	Атырау қ., Әйтеке-би көш., 77	8(7122) 27-08-96 ф.27-11-57	www.atyrauobl.kz
7.	Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі	Өскемен қ., Горький көш., 40	8 (7232) 26-42-54 ф.26-42-54	www.culturevko.uka.kz
8.	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі	Орал қ., Достық даңғылы, 201	8(7112) 50-02-36 ф.50-09-46	www.western.kz
9.	Жамбыл облысының әкімдігі	Тараз қ., Абай көш., 125	8 (7262) 45-73-97 43-27-18	www.zhambyl.kz.
10.	Қарағанды облысының әкімдігі	Қарағанды Бульвар-Мира көш., 39	8 (7212) 56-19-80 ф.56-19-79	www.karaganda-region.kz
11.	Қызылорда облысының әкімдігі	Қызылорда қ., Ы. Жақаев көш., 76	8 (7242) 27-63-73 27-89-66, 26-16-44	www.kyzylorda.kz
12.	Қостанай облысының әкімдігі	Қостанай қ., Әл-Фараби көш., 66	8(7142) 57-51-90 ф.57-53-53	www.kostanay.kz
13.	Маңғыстау облысының әкімдігі	Ақтау қ., 14 шағын ауд., 1	8(7292) 42-66-10 ф.42-13-00	www.mangistau.kz
14.	Павлодар облысының әкімдігі	Павлодар қ., Академик Сәтпаев көш., 49	8(7182) 32-33-26	www.pavlodar.gov.kz
15.	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	Петропавл қ., Конституция көш., 53	8(7152) 46-36-35	www.sko.kz
16.	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	Шымкент қ., Тәуке хан даңғ., 6	8 (7252) 53-45-44 53-00-24, 53-00-21	www.ontustik.kz

«Мәдени қүндылықтарды уақытша әкету қүқығына куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандартына 3-қосымша

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы)

**Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына
КУӘЛІК**

_____ қаласы «___» _____ 20__ ж.
1. Өтініш беруші _____

_____ (Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)
2. Өтініш берушінің деректері: _____
(азаматтығы, төлқұжат немесе жеке куәлігінің нөмірі,
_____ оның берілген күні немесе заңды тұлғаның деректемелері)

3. Өтініш берушінің қызметі _____
4. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясының қорытындысы _____

_____ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы
о р г а н ы)

_____ № 20__ ж. _____ «___» _____
1) _____
(мәдени құндылықтың атауы)

2) _____
3) _____ мақсатында
4) _____
(елдің атауы және ұйымның орналасқан жері)

_____ 20__ ж. «___» _____ 20__ ж. «___» _____ мерзіміне
Қазақстан Республикасынан тыс уақытша әкетуге рұқсат беріледі.
Уәкілетті тұлға _____ (Т.А.Ә. және қызметі)

М.О. _____ Қазақстан Республикасы
кеден органдарының белгісі
«Мәдени құндылықтарды уақытша
әкету құқығына куәлік беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша
Нысан

_____ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың,

астананың жергілікті атқарушы органы)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

ӨТІНІШ

Мынадай мәдениет құндылықтарын 1) _____

2) _____

3) _____

4) _____

5) _____ мақсатында

(елдің атауы және орналасқан жері)
уақытша әкету құқығына куәлік беруіңізді сұраймыз. _____

Өтініш берушінің деректері: _____

(Т.А.Ә., туылған күні, азаматтығы, төлқұжат немесе жеке куәлігінің нөмірі,

оның берілген күні, тұратын жері, байланыс телефондары немесе заңды
тұлғаның деректемелері)

Қолы _____ Мерзімі _____

М.О.

«Мәдени құндылықтарды уақытша
әкету құқығына куәлік беру»
мемлекеттік қызмет стандартына

5-қосымша

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы
органы)

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі
сараптама комиссиясы

ҚОРЫТЫНДЫ

№ _____

_____ қаласы

«___» _____ 20__ ж.

1. Өтініш беруші _____
(Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)

2. Өтініш берушінің деректері: _____
(азаматтығы, төлқұжат немесе жеке куәлігінің номері,
_____ оның берілген күні немесе заңды тұлғаның деректемелері)

3. Өтініш берушінің қызметі: _____

4. Әкетудің (уақытша әкетудің) мақсаты: _____

5. Сараптамаға _____ ұсынылды
(заттың атауы, жазбаша саны)

6. Заттың сипаттамасы: _____

_____ (түпнұсқа, авторы, жасалған уақыты мен жері, материалы және орындалу
т е х н и к а с ы ,

_____ өлшемі, салмағы, сақталуы)

Қорытынды: _____

_____ (мәдени құндылығы бар немесе жоқ,

_____ уақытша әкету мүмкіндігі туралы ұсыным)

Сараптама комиссиясының _____ Комиссия мүшелері:
төрағасы: _____ (Т.А.Ә.) _____ (Т.А.Ә.)

_____ (Т.А.Ә.) _____ (Т.А.Ә.)
_____ (Т.А.Ә.)

М.О.

«Мәдени құндылықтарды уақытша
әкету құқығына куәлік беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
б-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткішінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні

1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. Құжаттар тапсырылған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % -ы (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет көрсету сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.1. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 7

қ а ң т а р д а ғ ы

№

8 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.12.2012 N 1614 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті (бұдан әрі - уәкілетті орган) балама негізде

мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы (бұдан әрі - орталық), сондай-ақ мемлекеттік қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы: www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы арқылы: www.elicense.kz (бұдан әрі - портал) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына мобильдік орталықтар арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге жол беріледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 4-тармағының, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) www.mki.gov.kz интернет-ресурсында;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Орталық РМК) www.con.gov.kz интернет-ресурсында;

3) ресми ақпарат көздерінде, мекенжайлары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның ғимаратында және орталықтарда орналасқан стенділерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда;

4) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат «электрондық үкіметі» call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызметінің (1414) телефоны арқылы да берілуі мұмкін.

5. Уәкілетті органның уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық лицензия нысанында тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке порталда лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу (бұдан әрі – лицензия) не электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

Егер уәкілетті орган белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті алушыға лицензияны бермеген не лицензияны беруден дәлелді түрде бас тартуды ұсынбаған жағдайда, осы стандарттың 7-тармағында белгіленген мерзімдер өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кейін мемлекеттік қызметті алушыға лицензияны беруге міндетті.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өзгерген, дара кәсіпкер қайта тіркелген, оның атауы мен мекенжайы өзгерген жағдайда, заңды тұлға біріктіру, қосу, бөлу немесе қайта ұйымдастыру нысанында қайта құрылған, оның атауы мен мекенжайы өзгерген кезде қайта ресімделген лицензия беріледі.

Мемлекеттік қызметті алушы лицензияны қағаз тасығышта алуға өтініш білдірген жағдайда, лицензия электрондық нысанда ресімделіп, басып шығарылады және уәкілетті орган басшысының қолымен және мөрмен р а с т а л а д ы .

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: уәкілетті органға немесе орталыққа жүгінгенде:

1) осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде;

2) қайта ресімделген лицензияны беру – қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап он жұмыс күні ішінде.

Орталықта қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің аяқталуына дейін бір күн бұрын о р т а л ы қ қ а б е р е д і .

3) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің жол берілетін ең ұзақ у а қ ы т ы – 20 м и н у т т а н а с п а й д ы ;

4) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең ұзақ у а қ ы т ы – 20 м и н у т т а н а с п а й д ы ;

П о р т а л ғ а ж ү г і н г е н д е :

1) осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттармен қоса электрондық сұрау салу тапсырылған күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде;

2) қайта ресімделген лицензияны беру – қажетті құжаттармен қоса портал арқылы электрондық сұрау салу тапсырылған күнінен бастап он жұмыс күні і ш і н д е .

8. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде ұсынылады, оны көрсету үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады.

Лицензияны алуға электрондық сұрау салуды портал арқылы жіберген жағдайда, төлем «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9 . Ж ұ м ы с к е с т е с і :

1) уәкілетті орган «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, мемлекеттік қызмет күн

сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) орталықтар – мемлекеттік қызмет еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген кестеге сәйкес күн сайын сағат 9.00-ден бастап сағат 20.00-ге дейін үзіліссіз көрсетіледі.

Қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз, «электрондық кезек» тәртібімен жүзеге асырылады.

Мобильдік орталықтар құжаттарды қабылдауды орталықтың бекітілген кестесіне сәйкес, бірақ бір елді-мекенде кемінде алты жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырады;

3) портал – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) уәкілетті орган ғимаратында жүзеге асырылады, ғимаратқа кіру кіретін жеке есігі бар рұқсаттама бюросы беретін біржолғы рұқсат қағазы бойынша жүзеге асырылады. Біржолғы рұқсат қағазы тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін тұлғаның телефонмен берген өтінімі бойынша ресімделеді. Құқықтық тәртіпті сақтау үшін ғимаратта тәуліктік күзет бекеті, өртке қарсы дабылы және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Подъездге кіреберіс дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған пандустармен жабдықталған;

2) мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қол жеткізуіне жағдайлар көзделген орталық ғимаратында көрсетіледі. Аумақтық органдардың үй-жайларында және орталық ғимаратында күту залы, ақпараттық стенділер бар;

3) порталда – жеке кабинетте.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (не сенімхат бойынша өкілі) мынадай құжаттардың тізбесін ұсынады:

1) уәкілетті органға немесе орталыққа: осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш; жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; заңды тұлға үшін – жарғысының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда, нотариалды куәландырылған), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама; дара кәсіпкер үшін – мемлекеттік қызметті алушыны дара кәсіпкер ретінде

мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда, нотариалды куәландырылған);

мемлекеттік қызметті алушыны салық органында есепке қою туралы куәліктің көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда, нотариалды куәландырылған);

«электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, бюджетке лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі;

нотариалды куәландырылған сенімхат (құжаттарды өкілі тапсырған жағдайда)

Осы тармақтың 1) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарында көзделген, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттар мәліметтерін уәкілетті органның қызметкері уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында порталдың ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі лицензияны алуға мемлекеттік қызметті алушылар үшін:

осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

мемлекеттік қызметті алушының тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығына археология саласындағы ғылыми ұйымның ұсыным хаты.

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі лицензияны алуға мемлекеттік қызметті алушылар үшін:

осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес тарих пен мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны.

Уәкілетті органның немесе орталықтың қызметкері құжаттарды қабылдау кезінде түпнұсқалардың шынайылығын құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік ақпараттық жүйелерден берілген мәліметтермен салыстырып тексереді, одан кейін түпнұсқаларды алушыға қайтарады.

2) порталға:

мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

жеке тұлға үшін – алушының жеке басын куәландыратын құжат;

алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама;

з а ң д ы т ұ л ғ а н ы ң ж а р ғ ы с ы ;
